

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/MCFO5801>

***А. К. Касенова¹, Г. К. Исмагулова², М. С. Кулахметова³,
Б. К. Жанжаксинова⁴**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразиялық ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

³Ә. Марғұлан атындағы

Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁴Қ. И. Сәтбаев атындағы

Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-3264-4505>

²ORCID: <http://orcid.org/0000-0003-2342-575X>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5500-6416>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7251-1200>

*e-mail: a.kasen_2010@mail.ru

СӨЙЛЕУ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТТАМАСЫ

Мақалада гендерлік лингвистика саласындағы ерлер мен әйелдердің сөйлеу мәнеріндегі айырмашылықтарды лингвистикалық тұрғыдан зерттеу әрекеті жасалды. Гендерлік зерттеулер ауызекі сөйлеу тілін жүйелі зерттеудің толықтыруы әрі заңды жалғасы. Өйткені олар сөйлеу тілінің барлық деңгейлерін (грамматикалық және фонетикалық деңгейлерін) қамтиды. Күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас саласы (отбасы, достар ортасында) үшін де, көпшілік алдында сөйлеу үшін де, сөздік коммуникацияның тиімділігіне қол жеткізу өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Отандық лингвисттер ер-жыныс ерекшеліктерін 1990-жылдардан зерттеп, бүгінгі таңда психо-, этно- және социолингвистикалық аспектілерін кешенді түрде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді.

Зерттеу мақаласында гендер ұғымының философиялық, тарихи және мәдени негіздерін шолып, гендерлік сөйлеу ерекшеліктерінің

қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік факторларды зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне тоқталды.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық базасы ретінде қазақ тіліндегі ер мен әйел қатысқан подкаст эпизодтары таңдалып, транскрипциялау әдісі арқылы мәтінге түсірілді және оларға грамматикалық және фонетикалық жүргізілді. Ер мен әйел сөйлеуіндегі айырмашылықтар контрастивті әдіс арқылы салыстырмалы кестелер жүйеленді және гендерлік сөйлеудің әлеуметтік рөлі, мәдени контекспен байланысы мен тілдік тұлғаға әсері көрсетілді.

Кілтті сөздер: гендерология, сөйлеу мәнері, гендерлік айырмашылықтар, маскулиндік дискурс, сөйлеу стилі, мәдени ерекшелік, коммуникация стилі, грамматикалық талдау.

Кіріспе

Гендерлік лингвистика саласындағы зерттеулер гендерлік қатынастардың әртүрлі аспектілерін зерттеуге бағытталуы мүмкін, алайда, барлық лингвистикалық гендерология бағыттары еркектер мен әйелдердің тілдік мінез-құлқының ерекшеліктерін ескереді. Эдуард Сепир-Уорф гипотезасына сәйкес, «Тіл ойлауға ғана әсер етеді, және лингвистикалық категориялармен қатар, ойлау дәстүрлер мен тілге қатысы жоқ кейбір мінез-құлық түрлерінің әсерінен де қалыптасады» [1, 11-6.]. Осылайша, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекеті әртүрлі түрде ұсынылуы тиіс.

Гендерлік айырмашылықтар екі жыныстың сөйлеу мәнерінде XVII ғасырдан бері ғылыми тұрғыдан зерделене бастады. Мысалы, саяхатшы Ж. дю Тертр Кіші Антиль аралдарындағы нәзік жандылардың (слабый пол) тілдік ерекшеліктерін сипаттай отырып, олардың тек өз тілдерінде сөйлейтінін, ал күшті жыныс (сильный пол) өкілдерінің өз тілінде сөйлейтінін атап өткен.

XVIII ғасырда протестант шіркеуінің қызметкері пастор Лабат Кариб аралдарында үш түрлі тілдің бар екенін атап өткен: ерлер тілі, әйелдер тілі және әскери тіл. Ерлер мен әйелдер бір-бірін түсінгенімен, әрқайсысы өз тілінде сөйлеуді жалғастырған. Әскери тіл құпия ретінде қабылданып, ол ерлер мен әйелдер үшін де түсініксіз болған [2, 72-6.]. Осы тарихи деректер кейінгі тілтанымдық еңбектерде жалғасын тауып, гендерлік сөйлеу ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан саралауға негіз болды.

Бұл мәліметтерді дат лингвисті О. Есперсен (Otto Jespersen) өзінің 1922 жылы жарық көрген «*Language: Its Nature, Development and Origin*» еңбегінің 13-тарауының «*Women's languages*» бөлімінде әйелдер мен ерлер тілінде айырмашылықтар бар екенін айтып, әйелдер жаңа тілдік

формаларды сирек қолданатынын, сөздік қоры шектеулілеу болатынын және эвфемизмдерді жиі қолданатынын атап өтеді [3, 238-6.].

О. Есперсеннің бұл тұжырымдары қазіргі заманғы лингвистикада сынға алынғанымен, оның еңбегі әйелдер мен ерлердің тілдік ерекшеліктерін зерттеуде маңызды қадам болғанын атап өткен жөн.

Лингвистикада гендерлік қатынастар бағытының дамуы сөйлеушінің жыныстық ерекшеліктерін және оның тілдік тұлғасын зерттеуге үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сөйлеу әрекеттері мен коммуникативтік мінез-құлықтың дифференциациясы да бұл зерттеу саласының маңыздылығын көрсетеді.

XX ғасырда тілдегі гендерлік айырмашылықтарды зерттеу қарқынды түрде дамып, бүгінгі күнге дейін бұл сала көптеген орыс және шетелдік ғалымдар, соның ішінде Е. А. Земская, М. В. Китайгородская, Н. Н. Розанова, В. А. Маслова мен батыс зерттеушілерінің (Р. Лакофф, Д. Таннен, Э. Сепир, О. Есперсен, Н. Б. Мечковская) назарын аударды. Олар осы бағытта терең әрі ауқымды зерттеулер жүргізді. Әдетте, олардың зерттеулері әйелдер мен ерлердің күнделікті сөйлеу тілін әртүрлі жағдайларда талдауға негізделген.

XX ғасырдың 60-жылдарына дейін лингвистикада гендерлік факторлардың тілге әсері арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмады. Бұл мәселе әлеуметтік лингвистиканың қалыптасуымен қатар ғылыми назарға іліне бастады. Гендер мен тіл арасындағы байланысты алғаш жан-жақты зерттеген ғалымдар қатарында Уильям Лабов пен Питер Траджиллдің есімдері аталады.

У. Лабовтың 1966 жылы жарық көрген *«The Social Stratification of English in New York City»* еңбегі әлеуметтік лингвистиканың негізін қалаушы зерттеу болып табылады. Онда әйелдердің ерлерге карағанда стандартты тіл нормаларын жиі қолданатыны көрсетілген.

П. Траджиллдің 1974 жылғы *«The Social Differentiation of English in Norwich»* еңбегінде де осыған ұқсас қорытынды жасалады: ерлер бейресми тіл формаларын көбірек қолданса, әйелдер «дұрысырақ» сөйлеуге бейім келеді. Бұл ғалымдардың еңбектері тілдегі гендерлік айырмашылықтарды зерттеудің негізін қалап, кейінгі зерттеушілерге (мысалы, Робин Лакофф, Дебора Таннен, Дженифер Кутс) жол ашты.

Гендерлік лингвистиканың қалыптасуында маңызды рөл атқарған алғашқы зерттеулердің бірі – американдық ғалым Робин Лакоффың 1975 жылы жарық көрген *«Language and Woman's Place»* («Әйелдің тілі мен орны») атты кітабы «тіл және жыныс» тақырыбындағы еңбегі болды.

Аталған еңбекте Р. Лакофф әйелдердің сөйлеу ерекшеліктеріне терең талдау жасай отырып, олардың тіліне тән лексикалық және синтаксистік құрылымдарды сипаттады. Ғалым әйелдердің сөйлеуінде эмоциялық реңк

басым екенін, сыпайылық формалары мен нақты емес, болжалды сөздердің жиі қолданылатынын атап өтті [4].

Р. Лакоффтың бұл еңбегі гендерлік лингвистика саласындағы алғашқы жүйелі зерттеулердің бірі ретінде қазіргі тіл білімінде маңызды орын алады. Зерттеу кейінгі жылдары бұл бағыттағы теориялық және эмпирикалық жұмыстарға негіз болып, «Тіл және гендер» мәселесінің белсенді зерттелуіне серпін берді.

Ресей ғалымы В. А. Маслова мен басқа да зерттеушілердің бақылауларына сүйенсек, ер адамдар тілді қабылдауда жаңашылдыққа бейім келеді: олардың сөйлеуінде неологизмдер мен терминдердің үлесі жоғары. Ал фемининдік сөйлеу стилі әлдеқайда эмоционалды, серіктесіне бағытталған эмпатиялық, яғни сезімтал сипатқа ие. Бұл ерекшелік көбінесе одағай сөздердің, метафоралардың, эпитеттер мен эвфемизмдердің жиі қолданылуынан байқалады [5].

Н. И. Мечковская «Әлеуметтік лингвистика» еңбегінде әйелдердің сөзі анағұрлым консервативті екенін айтады. Әйелдердің сөздік қорында эмоционалды-бағалауыш сөздер, ең алдымен еркелету формалары мен эвфемизмдер жиі кездеседі; олардың сөйлеуінде жұмсақ дауыссыздар басым; ал фонетикалық тұрғыдан әйелдердің сөйлеуінде еріндердің экспрессивті қозғалысы айқын байқалады [6].

Бұл ерекшеліктер әйелдер мен ерлердің сөйлеу мәдениеті бала кезден қалыптасатын әлеуметтік тәжірибелерге негізделетінін көрсететін Дебора Танненнің айырмашылық моделіне де сәйкес келеді.

Д. Танненнің (1990) ұсынған айырмашылық моделі (difference model) әйелдер мен ерлердің сөйлеу мәдениеті бала кезден әртүрлі әлеуметтік ортада қалыптасатынын негізге алады. Д. Танненнің пікірінше, ерлер тіл арқылы билік пен дербестігін көрсетуге тырысса, әйелдер оны эмпатия мен қарым-қатынасты нығайту құралы ретінде пайдаланады [7].

Ш. Гаффоров 2024 жылы жариялаған мақаласында ерлер мен әйелдердің сөйлеу стильдеріндегі фонетикалық айырмашылықтарды көрсетті: әйелдер анық дикция мен жұмсақ интонацияны, ал ерлер бейстандартты әрі дөрекілеу сөйлеу үлгілерін жиі қолданады [8].

Janet Holmes (2008) зерттеуінде «you know» тіркесі («білесіз бе» немесе «меніңше») тілдегі бұлдырлықты, яғни ойды анық айтпау, сақтық білдіру не жұмсарту қызметін атқаратын дискурстық құрал ретінде сипатталады. Ол көбіне «әйелдер тіліне» тән форма ретінде қарастырылған. Автор ерлер мен әйелдердің бұл тіркесті қолдану жиілігі ұқсас екенін көрсеткенімен, оны қолдану қызметі жағынан гендерлік айырмашылықтар бар екенін анықтайды [9].

D. Rustamov, S. Shakhabitdinova, S. Solijonov, A. Mattiyev, S. Begaliyev және S. Fayziev (2021) жүргізген зерттеуде ерлер мен әйелдердің сөйлеу ерекшеліктері тілдің лексикалық, грамматикалық және синтаксистік деңгейлерінде талданады. Лексикалық деңгейде сөйлеу тақырыптарының әртүрлілігі әлеуметтік және кәсіби рөлдермен байланысты. Грамматикалық тұрғыда әйелдер эмоционалды одағайларды жиі қолданса, ерлер сенімділік білдіретін құрылымдарға бейім [10].

Қазақстандағы гендерлік лингвистика мәселесі тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі ретінде зерттеушілердің ұдайы назарында. Осы бағытта терең зерттеулер жүргізген ғалымдар Г. Исмагулова, Н. Бирай, Г. Шоқым, К. Жумашева еңбектерінде гендер ұғымы айқын көрініс тауып, жиі қолданылады.

Қазақстанда гендерлік лингвистика – салыстырмалы түрде жаңа сала, ол XX ғасырдың 1990-жылдарынан бастап дамып келеді. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер тілдегі гендерлік теңдіктің маңызын айқындайды.

Г. Исмагулова 2005 жылы жарық көрген «Лингвокультурологический аспект гендерных отношений Сопоставительный аспект (на материале казахского, немецкого и русского языков)» диссертациялық жұмысында «Мужское и женское речевое поведение» бөлімінде келтіреді.

Яғни, стилистикалық тұрғыдан алғанда, ерлер тілі ресми, кітап тілімен болып, интеллектуалдық жүктемесі жоғары болады, ал әйелдер тілі интуицияға және эмоциялық мазмұнға бай. Оның талдауынша, ер адамдар көбіне ақпараттық мазмұн мен прагматикалық стильге мән беріп, сенімді әрі үстем сөйлеуге ұмтылады. Ал әйелдер сөйлеуінде эмоционалдылық, жұмсақтық және қатынас орнатуға бағытталған тілдік элементтер басым [11, 72–73-б.].

«The Problem of Gender and Sensitive Use of the Language in Kazakhstan: The Case of German» атты мақаласында күнделікті ауызша және жазбаша қатысымда тілдің гендерлік сезімталдықпен қолданылуының өзектілігі атап өтіледі.

Зерттеушінің пікірінше, қазақ тілінде жыныстық айырмашылықты нақты білдіретін атаулардың шектеулі екенін, бұл грамматикалық жыныс категориясының болмауымен байланысты екенін айтады. Сонымен қатар, кірме сөздердің жыныс бейтарап түрде қолданылуы маскулиндік нормалардың басымдығын көрсетеді [12].

Н. Бирай, Г. Шоқым және Қ. Жумашева еңбектерінде қазақ тіліндегі гендерлік метафоралық модельдер ер мен әйел бейнесін бағалауыштық-сипаттамалық тұрғыда түрлі аспектіде ашады. Әйел бейнесі қыз – құндыз, ана – қазына, әйел – дария тәрізді метафоралар арқылы оның қоғамдағы орны мен рөлін сипаттаса, қыз – аққу, қыз – бояу секілді модельдер қазақ

ұғымындағы қыз баланы үйдің «қонағы» ретінде көрсетеді. Ер адамға қатысты жігіт – серт, ұл – ту, ата – тау сияқты метафоралар оның отбасы мен қоғамдағы жетекші рөлін бейнелейді [13, 36-б.].

Зерттеу нәтижесінде ер мен әйел сөйлеу мәнерінде бірқатар жүйелі тілдік айырмашылықтар байқалды. Бұл ерекшеліктерді Қазақстан, Ресей және Батыс лингвистерінің еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тілі материалында да дәлелдеу мүмкін болды.

Зерттеу мақаласының негізгі **мақсаты** – қазақ тіліндегі гендерлік сөйлеу ерекшеліктерін лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты сараптау. Атап айтқанда, ер мен әйелдің сөйлеу мәнеріндегі грамматикалық және фонетикалық айырмашылықтарды анықтау.

Қойылған мақсат келесі міндеттерді шешуді көздейді:

– транскрипциялау әдісі қолданылып, подкасттағы аудио жазбасын мәтінге түсіру және ер мен әйелдің сөйлеу мәнеріндегі грамматикалық айырмашылықты анықтау және салыстыру.

– Python программасы арқылы подкастқа фонетикалық талдау жасау және ер мен әйелдің сөйлеуіндегі фонетикалық айырмашылықтарды салыстыру.

Ер мен әйелдің подкасттарындағы табиғи ауызекі сөйлеу үлгілері негізінде жүргізілген талдау қазақ тілі контексіндегі гендерлік тілдік ерекшеліктерді дәйекті түрде терең зерттеуді қамтамасыз етеді.

Сонымен, қазіргі гендерлік лингвистика – ерлер мен әйелдердің тілдік мінез-құлқы мен сөйлеу ерекшеліктерін грамматикалық және фонетикалық деңгейде жүйелі зерттеуге бағытталған өзекті сала, бұл бағыт әртүрлі мәдениеттердегі сөйлеу тәжірибесін салыстыра отырып, нақты тілдік материалдар негізінде гендерлік айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері

Біздің жұмысымыздағы зерттеудің негізгі **әдістері** лингвистикалық, транскрипциялау, контрастивті әдіс, интерпретациялық және семантикалық әдістер болып табылады.

Транскрипциялау әдісі қолданылып, подкасттағы аудио жазба мәтінге түсірілді. Одан әрі мәтінге грамматикалық және фонетикалық деңгейде кешенді лингвистикалық талдау жүргізілді. Ер мен әйел сөйлеуіндегі айырмашылықтар контрастивті әдіс арқылы салыстырмалы кестелер негізінде жүйеленді.

Фонетикалық мәліметтерді нақтылау мақсатында Python бағдарламасы көмегімен автоматты талдау жүргізіліп, интонация, екпін және ырғақ сипаттары айқындалды.

Сонымен қатар, стилистикалық бірліктерге интерпретациялық және семантикалық сараптама жасалып, олардың тілдік және мәдени мазмұны анықталды.

Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде YouTube платформасындағы «Айна» подкасының Сәкен Майғазиев пен Айгүл Иманбаева қатысқан эпизодтары таңдалды. Бұл эпизодтар ер мен әйел сөйлеуінің табиғи үлгісін беретін сенімді эмпирикалық база ретінде қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Жоғарыда көрсеткеніміздей, гендерлік зерттеулер ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас шекараларын, олардың әртүрлі әлеуметтік орталарда сөйлеу мәнерін және тілге тән айырмашылықтарын анықтауға жол ашады.

Зерттеу барысында салыстырмалы әдісті қолдану негізінде қазақ тіліндегі ер мен әйелдің сөйлеу мәнеріндегі грамматикалық айырмашылықтар анықталды.

Гендерлік лингвистикадағы **грамматикалық айырмашылықтар** ерлер мен әйелдердің сөйлеуінде байқалатын грамматикалық құрылымдар мен формалардың қолданылу ерекшеліктеріне қатысты болады. Грамматикалық айырмашылықтар сөйлем құрылымы, етістік формалары, райлар, үстеулер мен анықтауыштар, есімдіктер, метафора, теңеу, мақал қолдану мен сөйлемдегі синтаксистік ерекшеліктер арқылы байқалады. Біріншіден транскрипциялау әдісі қолдана отырып подкасттағы аудио жазба мәтінге түсіріліп ер мен әйелдің сөйлеу мәтіндеріне морфологиялық және синтаксистік талдау жасадық. Грамматикалық талдау нәтижесінде екі жыныстың сөйлеу мәнеріндегі грамматикалық айырмашылықтар анықталды.

1-кесте – Салыстырмалы грамматикалық талдау

Талдау аспектісі	Ер адам	Әйел адам
Сөйлем құрылымы	Құрмалас, көп жай сөйлемдердің тізбегімен ой дамытады.	Қысқа, нақ, жиі үзілісті құрылым, эмоционалды айқындықпен.
Етістік қолдану	Көбіне өткен шақ: <i>жасады, көрдім, сыйлады</i> ; бұйрық рай да бар: <i>қуанамын, шүкірлік етемін</i> .	Көбіне тұжырымды, шаққа тәуелсіз етістіктер: <i>ойлаймын, болу керек, сездім</i> .
Тәуелдік жалғау үлгілері	<i>әкем, анам, балалығым</i> жиі қолданылады.	<i>ұлым, менің қабылдауымда</i> – нақты, тікелей атау жиі қолданылады.

Қосымша үстеулер мен анықтауыштар	Эмоциялы үстеу мен шылау көп: <i>шүкіршілік, барлығына, сондай</i>	Үстеу мен сын есім жиі: <i>таза-тұнық, керемет, мөлдір, биік</i>
Қыстырма, қаратпа сөздер	<i>Неге десеңіздер..., сол себепті, жаңағы айтады ғой</i> – тындаушыға бағытталған.	<i>Мен ойлаймын..., бұл менің ойымша</i> – субъективтілік басым.
Көмекші сөздер мен дыбыстық ерекшелік	<i>-ыыы, -әәә, -mmm, -ссол</i> – кідіріс, ой жинақтау, әсер беру үшін.	<i>-ыыы, -мхм, -mmm</i> – ой екпінін жұмсартатын, әйелдік интонация.
Метафора, теңеу, мақал қолдану	Халық ауыз әдебиеті элементтері жиі. Мысал: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Таудың биіктігі байқалмайды...»	Рухани, эмоциялық метафоралар, поэтикалық теңеулер. Мысал: «Кешіре білу – кішілік, кішілік – кісілік» «Сұлулық өнерде»
Сын есім қолдану	Шаршамай тізбектелген анықтауыштар. Мысал: « <i>Тәтті, керемет, балғын, шырынды-шекер сәттер...</i> »	Көркем, поэтикалық мәндегі сын есімдер. Мысал: « <i>Тап-таза; тұп-тұнық, мөлдір, хас сұлу</i> »
Етістік түрлері мен шақтар	Өткен шақ, бұйрық рай жиі кездеседі. Мысал: « <i>Тәлім-тәрбие көргенмін</i> », « <i>Шүкіршілік етемін</i> », « <i>Қуанамын</i> »	Қалау рай, болжал рай көбірек. Мысал: « <i>...тәрбиелеу керек деп ойлаймын</i> », « <i>Сол себептен кешіруге болады...</i> »

Гендерлік лингвистика аясында жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері ер мен әйел сөйлеуіндегі грамматикалық айырмашылықтарды айқын көрсетеді. Бұл кестеден көріп тұрғанымыздай ер адам ойды күрделі құрмалас сөйлемдер арқылы өрбітсе, әйел адам сөйлемдерді қысқа, үзікті құрылымдармен береді. Мысалы: Ер адам: «*Мен ол кісіден тәлім-тәрбие көргенмін, шүкіршілік етемін...*» Әйел адам: «*Иә... керемет еді. Тіпті мөлдір... таза.*» Бұл құрылымдық айырмашылық ер адамның ойды логикалық жүйеде өрбітуге бейімділігін, ал әйел адамның эмоциялық бейнелеуге жақындығын көрсетеді.

С. Майғазиевтың сөйлеуінде **өткен шақ** пен **бұйрық рай** жиі кездеседі: «Қуанамын», «Шүкіршілік етемін», «Тәлім көргенмін». Ал А. Иманбаева **қалау рай** пен **болжалды райды** жиі қолданады: «*...тәрбиелеу керек деп ойлаймын*», «*...кешіруге болады*». Бұл ер адамдардың нақты, шешімді

сөйлеуге бейім екенін, әйелдердің болжаулы, жұмсартылған, жанама формада ойын жеткізуге ұмтылатынын көрсетеді.

Ер адам «*әкем*», «*анам*», «*балалығым*» сияқты жалпы ұғымдар қолданылса, әйел адамы нақты, өзіне бағытталған **тәуелдік жалғаулар мен есімдіктер** жиі қолданады: «*ұлым*», «*менің қабылдауымда*». Мұндағы айырмашылық ер адамның ұжымдық не жалпылама мәнге басымдық беретінін, ал әйел адамның сөйлеуі көбіне субъективті, жеке тәжірибеге сүйенетінін аңғартады. Ер адам тыңдаушыға бағытталған **қаратпа сөздер** құрылымдарын жиі қолданады: «*Неге десеңіздер...*», «*Сол себепті...*», ал әйел сөйлеуінде өзіндік ой мен субъективті пікір басым: «*Мен ойлаймын...*», «*Бұл меніңше...*». Жалпы алғанда, грамматикалық тұрғыда ер адамның сөйлеуі нақты, жүйелі, өткенге бағытталған әрі бұйрық мәнді құрылымдармен ерекшеленсе, әйел адамның сөйлеуі субъективті, болжалды, эмоционалды және жұмсартылған құрылымдарға бейім.

Подкасттағы аудио жазбаны жүктеп алып, Python программасы арқылы аудио жазбаға фонетикалық талдау жасадық

2-кесте – Салыстырмалы фонетикалық талдау

Критерий	Ер адам		Әйел адам	
	Мәтін үзіндісі	Сөз екпіні	Мәтін үзіндісі	Сөз екпіні
1. Сөз екпіні	«Барлық балалар сияқты менің де балалағым сондай – ээээ! тәтті, керемет, балғын, жақсы өтті!»	« БА рлық», « БА лалар», « СО ндай», « ТӘТ ті», « КЕ ремет» – екпін мазмұнды сөздерге түседі.	Бойына барлық « із ілікті, пар асаттылықты, қара пайымдылықты»	Тізбектелген зат есімдерде әр сөздің соңғы буынына екпін түсіп, ой нақты бөлініп көрсетіледі
	«Өзің арақ ішіп отырып, балаңа арақ ішпеду – әбестік.»	« АРА қ», « БА лаңа», « ІШ пе», « ӘБ естік» – мәнді сөздерге екпін түседі.	« ЖЕ ңісім де, ЖЕ містігім де, ЖЕ місім де...»	Сөйлеуші эмоцияны жеткізу үшін ритмикалық қайталау жасайды
	«Сол шырынды-шекер сәттердің барлығын – эә дер кезінде көре білгеніме...»	« ШЫ рынды», « ШЕ кер», « БА рлығын», « КӨ ре» – мағынасы күшті сөздерде екпін бар.	« Бі лім, Ең бек, Тәр тіп»	риторикалық әсер үшін ұштаған тәсілін қолданады – әр сөзде екпін мен пауза.

2. Ырғақ (ритм)	«Қазақ айтады: “Таяқ еттенөтеді, сөзсүйектенөтеді”»	Қазақ мақал-мәтелдерінің ішкі поэтикалық ырғағы бар – симметриялы және паузалармен бөлінген. Бұл ырғақ тыңдаушыны ойға жетелейді.	«Кешіре білудің өзі кішілік, кішіліктің өзі кісілік.»	Бірінші бөлігінде интонация көтеріліп, екінші бөлігінде төмендейді
	«Өзің арақ ішін отырып, балаңа арақ ішпе деу – әбестік.»	Ырғақ орташа, бірақ логикалық екпінмен бөлінеді. Бұл жерде сөйлеуші тыңдаушының назарын аударту үшін сөздерді мәнерлеп, баяу айтады.	«...ол – өзіңді-өзің алдамау, жасандылықтан қашу...»	Бірінші ой аяқталған тұста төмен, кейін қайта жоғары көтеріледі
	«–Сәкен, біреудің ала жібін аттама! Алдама! Өтірік айтпа!»	Қысқа, нық ырғақ. Императивті мәнде болғандықтан, бұйрық интонациясы үстем. Сөйлеу екпіні жылдам, айқын.	«Көктемді... Алматыдақарсы алған өте керемет екенін сездім...»	Алғашқыда көтеріліп, соңында төмендеп аяқталады

Подкаст мәтіндері негізінде жүргізілген фонетикалық талдау ер мен әйелдің сөйлеуіндегі бірқатар айырмашылықтарды айқын көрсетті. Ер мен әйел арасындағы интонациялық, екпіндік, ырғақтық ерекшеліктер олардың сөйлеу мәнеріндегі гендерлік айырмашылықтардың көрінісі екенін дәлелдейді.

Ер адамның сөйлеуінде екпін мазмұнды, мағыналық жағынан маңызды сөздерге түсіп, ойды нақтылап жеткізуде айқын рөл атқарады. Мысалы, **«бала», «арақ», «шүкіршілік», «көре»** секілді сөздерде екпіннің дұрыс орналасуы тыңдаушының назарын мағына өзегіне шоғырландырады. Сонымен қатар, оның сөйлеуінде мақал-мәтелдердің ырғақты құрылысы мен интонациялық симметриясы байқауға болады. Бұл ер адам сөйлеуінің мазмұндық қатандығын, нақтылығын, тәрбиелік бағыттағы үнін арттырады. Бұйрық райлы сөйлемдердегі қысқа, нық ырғақ – оның сөйлеуіндегі ер азаматқа тән бедерлілік пен сенімділіктің дәлелі.

Әйел адам сөз саптауында, керісінше, ырғақ пен екпін сөйлеу эмоциясына көбірек бағынып, ритмикалық қайталаулар мен жұмсақ интонациялар арқылы ерекшеленеді. Оның сөйлеуінде тізбектелген абстрактілі ұғымдар (мысалы, «ізгілік», «парасаттылық», «қарапайымдылық») әрқайсысы өз алдына екпінмен айтылып, ойды үзіп, айқындай түседі. Сонымен қатар, лексикалық ұштағандар мен салыстырмалы құрылымдар арқылы интонациялық толқынды ырғақ пайда болады, бұл – әйел сөйлеуіне тән нәзіктік пен лиризмнің айғағы.

Қазақ тілі контекстінде де ер мен әйел сөйлеуіндегі грамматикалық және фонетикалық айырмашылықтар табиғи түрде қалыптасқанын көрсетті. Ер адамның сөзі-тәжірибеге, ұлттық санаға, нақтылыққа негізделсе, әйел сөзі-ішкі сезім мен поэзиялық астарға, нәзіктік пен рухани тереңдікке бағытталған. Бұл айырмашылықтар гендерлік сөйлеу мәдениетінің тілдегі көрінісі ретінде маңызды лингвистикалық дерек болып табылады.

Қорытынды

Мақалада гендерлік сөйлеу ерекшеліктері лингвистикалық тұрғыдан жан – жақты талданды. Ер мен әйел подкасттарындағы табиғи ауызекі сөйлеу негізінде олардың грамматикалық және фонетикалық айырмашылықтары нақты мысалдар арқылы дәлелденді.

Ер адамның тілі көбіне логикаға, тәжірибеге, ұлттық тәрбиелік құндылықтарға негізделіп, нақты, тұжырымды әрі әсерлі түрде беріледі. Ал әйел сөйлеуінде эмоция, поэтикалық өрнек, рухани-эстетикалық мәнге ие сөздер басым. Бұл айырмашылықтар гендерлік сөйлеу мәдениетінің тілдегі көрінісі ретінде маңызды лингвистикалық дерек болып табылады.

Гендерлік теңдікке қол жеткізілгенімен, ер мен әйел бірдей жұмыс атқарса да, олардың сөйлеу тілінде табиғи айырмашылықтар сақталғаны байқалады. Бұл зерттеу көрсеткендей, әйелдер тілі – эмоционалды, нәзік, поэтикалық сипатқа ие болса, ерлер тілі – нақты, тұжырымды, тәжірибеге негізделген. Осы тілдік ерекшеліктер – гендерлік рөлдер мен дүниетаным айырмашылығының көрінісі ретінде қазақ тілінің мәдени және лингвистикалық байлығын айқындайды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Сепир, У.** ЛЭС – Лингвистический энциклопедический словарь [Текст]. – М. : Советская энциклопедия, 1990. – 457 с.

2 **Бурвикова, Е. В.** Язык мой – пол мой [Текст]. – М. : Русская речь, 2012. – № 3. – 72–75 с.

3 **Jespersen, O.** Women's languages [Text] // Chapter XIII. – 1922. – P. 238.

4 **Lakoff, R.** Language and Women's Place [Text] // NewYork : Harper and Row, 1975. – P. 7–40.

- 5 **Маслова, В. А.** Лингвокультурология [Текст]. – М. : Академия, 2001. – 208 с.
- 6 **Мечковская, Н. Б.** Социальная лингвистика: учебное пособие для вузов [Текст]. – М. : Аспект-пресс, 2003. – 206 с.
- 7 **Tannen, D.** You Just Don't Understand: Women and Men in Conversation [Text]. – New York : Ballantine Books, 1990. – P. 30–50.
- 8 **Gafforov, Sh.** Gender Differences of Communication Styles[Text] //Web of Scientist: International Scientific Research Journal. – 2024. – Vol. 5. – № 2. – P. 63–67.
- 9 **Holmes, J.** Functions of you know in women's and men's speech [Text] // Language in Society. – Cambridge University Press, 2008. – P. 1–21.
- 10 **Rustamov, D., Shakhbitdinova, S., Solijonov, S., Mattiyev, A., Begaliyev, S., Fayziev, S.** Research of peculiarities of speech of male and female on phonetic and lexical levels of language[Text] // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2021. – Vol. 17. – № 1. – P. 421–430.
- 11 **Исмагулова, Г. К.** Лингвокультурологический аспект гендерных отношений Сопоставительный аспект (на материале казахского, немецкого и русского) [Текст] : дис. ...кандидат филол. Наук 10.02.20 : защищена/ Г. К. Исмагулова. – Тюмень, 2005. – 37 с.
- 12 **Ismagulova, G., Danilova V., Segizbaeva K., Utegenova, B., Grigorova, Y.** The Problem of Gender and Sensitive Use of the Language in Kazakhstan: The Case of German [Text] // International Journal of Applied Linguistics & English Literature. – 2024. – Vol. 5. – P. 246–251.
- 13 **Бирай, Н., Шоқым, Г. Т., Жумашева, К. Б.** Гендерлік оппозицияның мақал-мәтелдерде метафоралар арқылы бейнелену [Мәтін]. – Павлодар : Торайғыров университетінің хабаршысы, 2022. – 31–37-б.

References

- 1 **Sepir, U.** LÉS – Lingvisticheskiy entsiklopedicheskiy slovar, [Linguistic Encyclopedic Dictionary] [Text]. – 1990. – P. 457.
- 2 **Burvikova, E. V.** Yazyk moy – pol moy [My Language Is My Gender] [Text]. – 2012. – № 3. – P. 72–75.
- 3 **Jespersen, O.** Women's Language [Text] // Chapter XIII. – 1922. – P. 238.
- 4 **Lakoff, R.** Language and Woman's Place [Text]. – New York : Harper and Row. – 1975. – P. 7–40.
- 5 **Maslova, V. A.** Lingvokul'turologiya [Linguoculturology] [Text]. – 2001. – P. 208.
- 6 **Mechkovskaya, N. B.** Sotsial'naya lingvistika: uchebnoe posobie dlya vuzov [Social Linguistics: A Textbook for Universities] [Text]. – 2003. – P. 206.

7 **Tannen, D.** You Just Don't Understand : Women and Men in Conversation. – [Text]. – New York : Ballantine Books, 1990. – P. 30–50.

8 **Gafforov, Sh.** Gender Differences of Communication Styles [Text] // Web of Scientist: International Scientific Research Journal. – 2024. – Vol. 5. – № 2. – P. 63–67.

9 **Holmes, J.** Functions of you know in women's and men's speech [Text] // Language in Society. – Cambridge University Press, 2008. – P. 1–21.

10 **Rustamov, D., Shakhabitdinova, S., Solijonov, S., Mattiyev, A., Begaliyev, S., Fayziev, S.** Research of peculiarities of speech of male and female on phonetic and lexical levels of language [Text] // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2021. – Vol.17. – № 1. – P. 421–430.

11 **Ismagulova, G. K.** Lingvokul'turologicheskiy aspekt gendernykh otnosheniy. Sopostavitel'nyy aspekt (na materiale kazakhskogo, nemetskogo i russkogo) [Linguoculturological Aspect of Gender Relations. Comparative Aspect (Based on Kazakh, German and Russian Material)] [Text]. – 2005. – P. 37.

12 **Ismagulova, G., Danilova, V., Segizbaeva, K., Utegenova, B., Grigorova, Y.** The Problem of Gender and Sensitive Use of the Language in Kazakhstan: The Case of German [Text] // International Journal of Applied Linguistics & English Literature. – 2024. – Vol. 5. – P. 246–251.

13 **Biray, N., Shokym, G. T., Zhumasheva, K. B.** Genderlik oppozitsiyanın maqal-mätelderde metaforalar arqyly beynelenu [Gender Opposition in Articles as Represented through Metaphors] [Text]. – 2022. – P. 31–37.

29.06.25 ж. баспаға түсті.

17.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. К. Касенова¹, Г. К. Исмагулова²,
М. С. Құлахметова³, Б. К. Жанжаксинова⁴*

^{1,2}Евразийский национальный
университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;

³Павлодарский педагогический
университет имени Ә. Марғұлан,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁴Казахский национальный исследовательский
технический университет имени К. И. Сатпаева,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 29.06.25.

Поступило с исправлениями 17.07.25.

Принято в печать 25.11.25.

ГЕНДЕРНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА РЕЧЕВОЙ КОММУНИКАЦИИ

В статье предпринята попытка лингвистического анализа различий в речевом стиле мужчин и женщин в рамках гендерной лингвистики. Гендерные исследования являются логическим продолжением и дополнением системного изучения устной речи, поскольку охватывают все её уровни – как грамматический, так и фонетический. Эффективность речевой коммуникации рассматривается как одна из актуальных проблем как в сфере повседневного бытового общения (в кругу семьи, среди друзей), так и в публичных выступлениях. Отечественные лингвисты, исследующие гендерные речевые особенности с 1990-х годов, подчёркивают сегодня необходимость комплексного подхода, включающего психо-, этно- и социолингвистические аспекты.

В исследовательской статье освещаются философские, исторические и культурные основы понятия «гендер», а также рассматриваются труды отечественных и зарубежных ученых, исследовавших социальные факторы, влияющие на формирование гендерных особенностей речи.

В качестве эмпирической базы исследования были отобраны эпизоды подкастов на казахском языке с участием мужчин и женщин. С помощью метода транскрибирования речь была переведена в текстовую форму, после чего проведен её грамматический и фонетический анализ. Различия в мужской и женской речи были систематизированы в сравнительных таблицах с использованием контрастивного метода. В исследовании также показана социальная роль гендерной речи, её связь с культурным контекстом и влияние на языковую личность.

Ключевые слова: гендерология, речевой стиль, гендерные различия, маскулинный дискурс, стиль общения, культурные особенности, стиль коммуникации, грамматический разбор.

*A. K. Kassenova¹, G. K. Ismagulova²,
M. S. Kulakhmetova³, B. K. Zhanzhaxinova⁴

^{1,2}Eurasian National University named after L. N. Gumilyov,

Republic of Kazakhstan, Astana;

³Pavlodar Pedagogical Margulan University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁴K. I. Satbayev Kazakh National Research Technical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 29.06.25.

Received in revised form 17.07.25.

Accepted for publication 25.11.25.

GENDER CHARACTERISTICS OF SPEECH COMMUNICATION

The article attempts a linguistic analysis of the differences in speech styles between men and women within the field of gender linguistics. Gender studies are considered a logical continuation and complement to the systematic study of spoken language, as they encompass all its levels — both grammatical and phonetic. Achieving effective verbal communication is regarded as one of the pressing issues, both in everyday interpersonal interactions (within the family, among friends) and in public speaking. Domestic linguists, who have been studying gender speech characteristics since the 1990s, emphasize today the necessity of a comprehensive approach that includes psycho-, ethno-, and sociolinguistic aspects.

The research article reviews the philosophical, historical, and cultural foundations of the concept of gender, and discusses the works of domestic and foreign scholars who have studied the social factors influencing the formation of gender-specific speech characteristics.

As the empirical base of the study, podcast episodes in the Kazakh language featuring both male and female participants were selected. The speech was transcribed into text, and then subjected to grammatical and phonetic analysis. The differences in male and female speech were systematized using a contrastive method and presented in comparative tables. The study also highlights the social role of gendered speech, its connection to cultural context, and its influence on the linguistic personality.

Keywords: gender studies, speech style, gender differences, masculine discourse, communication style, cultural features, communication style, grammatical analysis.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz